

1.Ұйымдастыру кезеңі

- ▶ Сәлемдесу
- ▶ Студенттерді түгендеу
- ▶ Сабаққа дайындықтарын пысықтау

2.Ынтымақтастық атмосферасын орнату

«От,су, күн, ай» суреттерін таңдау арқылы психологиялық сипаттама беру

- ▶ **ОТ**- қай кезде де, қандай жағдайда да от болып жанып тұратын, өз білімдерін дәлелдей білетін жандар;
- ▶ **СУ** - жандары жақсылықты сүйетін, көңілдері судай таза, жаңалыққа жаны құмар жандар;
- ▶ **КҮН** -. жанындағыларға жылу сыйлап жарқырап, сәуле шашып жүретін, белсенділікпен жұмыс жасайтын жандар;
- ▶ **АЙ** - ойшыл да арманшыл, қиындықтарға мойымайтын, кез келген тапсырманы орындайтын, батыл жандар.

3.ТОПҚА БІРІКТІРУ

- 1.Ортаға 4 студент шығады
- 2. 4 студент өзіне 2 достан шақырады.
- 3.Достар өзіне 2 ақылшыларды шақырады.
- 4. Ақылшылар өздеріне 2 кеңес берушілерді шақырады.

Студенттер мектепке дейінгі білім берудің
«білім беру салалары» бойынша топтастырылады:
«ТАНЫМ», «КОММУНИКАЦИЯ», «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ», «ӘЛЕУМЕТ»

«Үш болжам» стратегиясы

*«Нағыз сабақ қоңыраудың соғуынан басталмайды,
нағыз сабақ бала ойы тұтанғаннан басталады»*



Оқытудың әдістері мен тәсілдері

Сабақтың мақсаты:

оқытудың әдістері мен тәсілдерін біледі,
маңызы мен мазмұнын түсінеді;

оқыту әдістерінің түрлеріне талдау жасайды;

оқу–іс әрекетінде қолданылатын тиімді әдіс-
тәсілдерді үйренеді

1.Білу

Әдіс дегеніміз-

Оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін, тәрбиешінің балаларда білімді, іскерлікті, дағдыны игеріп, танымдық қабілеттерін дамыту үшін қолданатын тәсілдері.

Әдіс деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді.

Оқыту әдісі – оқыту процесі сияқты екі жақты процесс. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, сондай-ақ көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді, ал балалар сол кезде тыңдайды, қабылдайды, бақылайды, ойланады т.б. таным әрекеттерін жасайды.



The diagram features a light green arrow pointing right, labeled 'ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ'. To its right are four light blue arrows pointing left, stacked vertically, labeled 'көрнекілік', 'тәжірибелік', 'ауызша айту', and 'ойын'. The background has abstract blue and purple geometric shapes on the right side.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

көрнекілік

тәжірибелік

ауызша айту

ойын

көрнекілік

Бақылау

Қимыл
әдістері

Заттарды
көрсету

Бейне фильм,
видео-
роликтер

Үлгі
көрсету

Дидактикалық
құралдар

ойын


дидактикалық

ЭПИЗОДТЫ

драмалық

ҚИМЫЛДЫ

ауызша айту



тәжірибелік



Монтессори технологиясы

Монтессори әдісінің мақсаты:

- ▶ балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- ▶ өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- ▶ балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори әдісінің міндеті:

- ▶ балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
- ▶ негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
- ▶ ұсақ моториканы дамыту;
- ▶ алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;
- ▶ зейінін тұрақтандыру;
- ▶ тәртіпке үйрету;

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:


1. Сенсорлық аймақ
2. Математикалық аймақ
3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы
4. Тілдік аймақ
5. Ғарыштық аймақ.

2.ТҮСІНУ

«видеометафора»

оқу қызметіндегі әдіс-тәсілдердің бала өміріндегі маңызы.

Студенттер видеожазба бойынша түйіндеген ой-пікірлерін білдіреді.



3.ҚОЛДАНУ

Топтық жұмыс.

«ТАНЫМ» тобына тапсырма.

Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру арқылы балаларда қандай ұғымдар қалыптасады?

«КОММУНИКАЦИЯ» тобына тапсырма.

Баланың тілін дамытуда «ауызша айту» әдісін қолданып, белгілі бір тақырыпқа сипаттама беріңіздер.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» тобына тапсырма.

Аппликация оқу іс-әрекетінде оқытудың қай әдісі қолданылады? Мысал келтіріңіздер.

«ӘЛЕУМЕТ» тобына тапсырма.

Балаларда «Отбасын жақсы көру», «отбасындағы сыйластық» дағдыларына үйретудің тәсілдерін көрсетіңіздер.



СЕРГІТУ ЖАТТЫҒУЫ

«ЖАҢБЫР»

Студенттер шеңбер бойымен тұрып, кезекпе-кезек әр түрлі қимылдарды жасау арқылы, жаңбырдың дыбысын шығарады.

4.ТАЛДАУ

РЕФЛЕКСИЯ

«Мұғалімге жеделхат»

Стикерлерге төменде көрсетілген сөйлемдер бойынша жауап жазып, мұғалімге ұсынады.

бүгінгі сабақта мен.....түсіндім.

...білдім,көзімді жеткіздім.

бүгін сабақта қуантқаны.....

мен өзімді.....үшін мақтар едім.

маған ерекше ұнағаны.....

сабақтан соң маған.....келді.

қызықты болғаны.....

.....қиындық тудырды.

менің түсінбегенім.....

мен енді.....білігім келеді

6.Үйге тапсырма

1. «мектепке дейінгі педагогика».С.Аңдабекова.89-95 бет. Жазу,оқу,талдау
2. әдіс-тәсілдерді жинақтау, кітапша жасау